



Олар хабарсыз кетті...



Жанаргүл ҚАДЫРОВА

Соғыс ардагерлері десе, көз алдымнан ең алдымен баяғы ауылдағы қатары әлі сиремеген, қаладай тізілген аталар бейнесі өтеді. Балалық-ай! Олардың отбасыларына дүкендегі қат азық-түлік, әсіресе, көз жауын алған өрік компоты босатылып жатқанда, «Менде неге ардагер ата болмады екен?!» - деген арманға шоматынмын.

Негізі, менде майдангер ата болған! Әжемнің тұңғышы – әкемнің ағасы Айтыш, өкінішке қарай, соғыста хабарсыз кеткен. Бертінге дейін қайда соғысқаны да беймәлім болып келген атам туралы біраз дерек тапқанымды былтыр осы газетте «Белгісіз солдат» деген тақырыпта жазған да едім. Атамның нақты қайда соғысып, кімдермен майдандас болғанын анықтап, оның ғұмырдерегін қалыпқа келтіргеніммен, «хабарсыз кетті» деген тіркестің кесірінен есімін ол шәйт болған жердегі ескерткіш тақтаға жазу өзiрге мүмкін емес...

Десе де, мен ізденіс кезінде табылған тарихи деректермен бөлісуді өзіме пәрыз санадым.

Архив деректерінен белгілі болғандай, Айтыш Қадыров 61-ші кавалериялық дивизияның 13-ші жеке атты артиллерия дивизионында соғысып, 1942 жылдың 26 қарашасында хабарсыз кеткен. Ал аталмыш дивизион бұл күні Сталинград облысы Котельников қаласынан солтүстік-батысқа қарай 56 шақырым қашықтықта орналасқан Жутов-2 елді мекені маңында ұрыс жүргізгені мәлім.

Г.Шерматов пен Х.Юсуповтың «Тәжік

Сыпатаев болса автоматшылар мен танктерді бір-бірінен ажыратуға әрекет жасайды. Алға өршеленген танк батареяға қауіп төндірген сәтте қайсар қазақ қолындағы минасымен танктің астына ұмтылады. Жанқияр ерлік жасап, Шарнұты (бұрынғы Сталинград аумағындағы біраз елді мекендер кейін Қалмақ Республикасының құрамына өткендіктен, бұл хутор қазіргі Қалмақ Республикасының Сарпины ауданына қарайды – Ж.Қ.) хуторындағы бауырластар зиратынан мәңгілік мекен тапқан Қарсыбай Сыпатаевқа 1943 жылы Кеңес Одағының Батыры атағы берілген.

Атаммен майдандас болған қайсар Қарсыбайдың ерлігіне сүйсінгеніммен, Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінен табылған «Қайта оралмайтындар тізімі» журналындағы қызыл ала жазулар көңілімді құлазытты. Атам Айтыш хабарсыз кеткен 42-нің 26 қарашасында басқа да жүздеген қызыләскерлердің қаны судай төгіліп, олардың журналдағы аты-жөндерінің жанына көк сиямен «хабарсыз кетті», қызыл сиямен «қаза болды» деген белгілер соғыла беріпті. Бәрінен де жанға батқаны: көптеген қандастарымыздың аты-жөндері әскери журналдарда қате жазылған. Мәселен, Қайырбек деген есім Каверсек, Сұлтан деген ат Сұлшан деп тұр. Осындай қателіктердің кесірінен қаншама адам өз аталары туралы мәліметке қол жеткізе алмағанын ойлай беріңіз!

Архив қорынан «Құпия!» деген белгі соғылған тілдей қағаздың табылуы менің атамның қайда, қалай қаза болғанын дәлелдеп, оның есімін ең болмаса Шарнұтыдағы мемориалды тақтаға жаздырсам екен деген арманымды біржола құл-талқан етті. Өйткені құжатта былай делінген: «Қызыл Армия бас штабының адамдардан айырылу есебін жүргізу жөніндегі орталық бюросына. Москва қаласы. 4-ші кавалериялық корпус 61-

Г.Шерматов пен Х.Юсуповтың «Тәжік кавалериясының отты жолдары. 61-ші кавдивизияның майдандағы ерліктері» атты еңбегінде 61-ші кавалериялық дивизияға егжей-тегжейлі сипаттама берілген. «Генерал-лейтенант Т.Т.Шапкиннің 4-ші кавалериялық корпусының жағдайы өте күрделі болды. Корпус Орта Азияның жергілікті ұлт өкілдерінен құрылған. Оның басым бөлігі орыс тілін нашар меңгерген яки мүлдем білмеген» дей келе, автор бұл дивизия еншісіне аса ауыр шайқастар тигенін айтады.

Тарих парақтарын қазбалай келсем, атам болған 13-ші жеке атты-артиллерия дивизионында Сыпатай Қарсыбаев атты қазақ та болыпты.

Қатардағы жауынгер Қарсыбай Сыпатаев 1942 жылғы 23 қарашада Сталинградтан оңтүстік-батыста орналасқан «Красный герой» колхозы маңында минометпен жаудың жаяу әскер взводын жояды. Ал 26 қарашада Шарнұты елді мекенінде миномет батареясы немістің 36 танкісі мен автоматшыларын үш жақтан оқ астына алады. Қарсыбай

қаласы. 4-ші кавалериялық корпус 61-ші кавалериялық дивизиясының 13-ші жеке атты-артиллерия дивизионы жеке құрамының қайта оралмайтындар тізімі жолданады. Тізім №2 формамен емес, №1 а формамен жасалып отыр. Өйткені Шарнұты түбіндегі шайқастарда 13 ЖААД-ның штабтық құжаттары тиелген арбамен бірге жеке құрам тізімі де жойылды. Ұсынылып отырған тізім тірі қалған командирлер мен жауынгерлерден сұрастыру арқылы жасалды, №2 формамен талап етілетін толық тізімді жинау мүмкін болмады. 61-ші кавдивизияның штаб бастығы, подполковник Бешанов».

...Иә, соғыс адамдар тағдырларын аяусыз талқандады. Біреулер тұтқын атанды, біреулер көзсіз ерлігінің лайықты бағасын ала алмады. Хабарсыз кеткендердің арасында да ержүректер болмады дейсіз бе... Не қағазда, не таста есімдері қалмаған бұл адамдардың не жазығы бар?!

Өкінішті...

